

НҮРЛЫ ЖОЛ

Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№24 (3289), сенбі,
22 март, 2025 жыл

КҮШІМІЗ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТА, ҚҰДІРЕТІМІЗ – ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН АДАЛДЫҚТА

Ташкент қаласындағы “Жаңа Өзбекстан” саябағында 21 март күні Наурыз мерекесі өтті.



Адырларға, көк-майса төбелерге өзгеше сән кірген. Сүйікті Отанымызға Ұлыстың ұлы күні — Наурыз келді. Бұл мейрамды Жаңа күн, өміріміздің жаңа беті ретінде лайықты құрметтейміз.

Бұл жалпыұлттық мереке бүкіл еліміздің түкпір-түкпірінде “Құндылықтарың мәңгілік болсын, Наурыз!” деген

басты ұранмен халықтық сөйіл ретінде жоғары деңгейде аталып өтілуде. Биылғы Наурыз қасиетті Рамазан айымен және “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылында” тойланып жатқаны — ежелгі құндылықтарымызды тағы көңіліміздің айнасына қайта түсіріп, оларға қайта жан бітіргендей болды.

Мерекелік шараға жиналғандар Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевты қошеметпен қарсы алды. Мемлекетіміз басшысы баршаны Наурыз мейрамымен құттықтады.

— Биылғы Наурыз қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келіп, оның берекелі қасиеттерімен үйлесіп өтіп

жатқаны мерекеге ерекше леп, өзгеше береке мен шаттық сыйлауда. Осындай берекелі күндері еліміздегі мұсылмандарды және бүкіл ислам үмбетін қасиетті Рамазан айымен тағы бір рет құттықтап, барлық игі ниеттеріміздің орындалуын тілейміз, — деді Шавкат Мирзияев. Мемлекетіміз басшысы шетел-

дерде Отанға деген сағынышпен өмір сүріп жатқан отандастарымызды да құттықтап, шынайы тілектерін білдірді.

Наурыз 3 мың жылдық мемлекеттік тарихымызда өзінің теңдессіз рухани маңызымен әрдайым ерекше мәнге ие болған ұлы мереке екені атап өтілді. Бұл күннің қайта-

ланбас сұлулығы, адамгершілік рухы және терең философиясы жаһандану дәуірінде де бүкіл адамзатты таңғалдырып, оның мәңгілік мәні мен өміршен күшін паш етуде.

Наурызда көрініс тапқан жасампаздық рухы Жаңа Өзбекстанда жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар мен қарқынды өзгерістердің түпкі мазмұны мен ізгі мақсаттарына сай келеді. Елімізде адам қадірін ұлықтау, әлеуметтік әділеттілікті нығайту, халықтың табысын және өмір сүру деңгейін арттыру бағытында батыл қадамдар жасалуда. Елімізде көптеген заманауи өнеркәсіп кешендері, инфрақұрылым және логистика жүйелері, жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер, балабақшалар мен мектептер, жоғары оқу орындары, ауруханалар, мәдениет және спорт орындары бой көтеруде. Қалалар мен ауылдарымыз, бүкіл еліміз абаттануда.

“Жасыл аумақ” жалпыұлттық жобасы аясында елімізде жаңа экологиялық орта қалыптасуда. “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” мемлекеттік бағдарламасы аясында бұл үдеріс одан әрі кеңейіп түсуде.

Президентіміз өз сөзінде жастар саясатына да тоқталып, олардың Жаңа Өзбекстанның көшбасшы және қуатты күшіне айналып келе жатқанын атап өтті. Үлкен жетістіктерге жетіп, елдің дамуы мен абыройын арттырып жүрген білімді, ақылды, қайратты әрі жігерлі ұл-қыздарды мадақтады.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы
Президентінің Баспасөз
қызметі суреті.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ НАУРЫЗ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ РӘСІМІНДЕГІ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Ассалаумағалейкүм, қадірлі отандастар! Құрметті ардагерлер, қымбатты жастар! Аяулы әпке-қарындасстар, құрметті қонақтар!

Сіздерді, қадірмендерімді, көпұлтты халқымызды ежелгі әрі мәңгі жас мереке — Өз Наурызбен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі нұрлы күнді ел-жұртымызбен тыныштықта, бейбіт қарсы алып отырғанымыз үшін Аллаға сансыз шүкіршілік етеміз.

Биылғы Наурыз қасиетті Рамазан айында, оның берекелі құндылықтарына үйлесімді түрде өтіп жатқаны бұл мерекеге ерекше рух, өзгеше береке мен шаттық сыйлауда.

Осындай берекелі күндерде еліміздің мұсылман қауымын, бүкіл ислам үмбетін Рамазан айымен тағы бір рет құттықтап, барша ақ ниеттеріміздің қабыл болуын тілейміз.

Шетелдерде туған жерінің ыстық ықыласын, сағынышын сезініп жүрген отандастарымызды да шын жүректен құттықтап, ізгі тілектерімізді арнаймыз.

Осылайша ұлы да мәнді күндер баршамызға құтты болсын!

Қадірлі достар!

Ұлы Наурыз — үш мың жылдық мемлекеттік тарихымызда теңдессіз рухани маңызға ие болған ұлы мереке.

Бұл баға жетпес күн туралы жазылған ғылыми-тарихи және көркем шығармалар өте көп, олар ұлттық мұрамыздың өлмес жауһарларына айналған.

Халқымыз ғасырлар бойы қиын-қыстау кезеңдерде де бұл мерекені оның асыл табиғаты мен құндылықтарын сақтай отырып атап өтіп келгені — шынайы ғажайыптың көрінісі.

Наурыздың қайталанбас сұлулығы, адамгершілік рухы және терең философиясы жаһандану дәуірінде де бүкіл адамзатты таңғалдырып келеді, бұл оның мәңгілік мәні мен өміршен қуатын дәлелдейді.

Әсіресе, адамның табиғат және ғаламмен үйлесімділігі, жасампаздыққа деген ынта-ықыласы, қайраты мен жігері, өзара бірлік, мейірім мен жанашырлық, жомарттық сынды асыл қасиеттері Наурыз бейнесінде айқын көрініс табады.

Наурыз күндері диқан ата-бабаларымыз несібеміз бен ырысымызды ойлап, қасиетті жерге өз мейірімін төгіп, мол өнім алуды ниет етіп, еңбектенеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Мір Әлішер Науаи атамыздың: **“Диқан дән себеді, жерді жыртты, ризық жолын ашады”** деген сөзі терең өмірлік мағынаға ие.

Жүрегімізде еңбек пен шығармашылық, жанару мен жасару сезімі күшейіп жатқан осындай көктемгі сәттерде диқандар мен фермерлерімізге, бағбандар мен малшыларымызға ерекше құрмет білдіреміз.

Еш күмәнсіз, асқақ жасампаздық рухы Жаңа Өзбекстанда жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар мен қарқынды өзгерістердің негізгі мазмұны мен ізгі мұраттарына сай келеді.

Бүгін елімізде адам қадірін ардақтау, әлеуметтік әділеттілік қағидаларын нығайту, халықтың табысын мен өмір сүру деңгейін көтеру жолында батыл қадамдар жасаудамыз.

Елімізде заманауи өнеркәсіп кешендері, инфрақұрылым және логистика желілері, автокөлік және теміржол магистралдары

қарқынды түрде салынуда. Бизнес, IT және туризм салалары жедел дамып келеді. Мыңдаған жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер, балабақшалар мен мектептер, жоғары оқу орындары, ауруханалар, мәдениет және спорт нысандары бой көтеруде. Қалаларымыз бен ауылдарымыздың, тұтас еліміздің келбеті күннен-күнге көркейіп, гүлденіп келеді.

“Жасыл аумақ” жалпыұлттық жобасы аясында елімізде жаңа экологиялық орта қалыптасуда. Жыл сайын миллиондаған көшет егу, жасыл бактар құру, жануарлар әлемін қорғау, әрбір жер телімін тиімді пайдалану сынды экологиялық мәдениеттің асыл құндылықтары күнделікті өміріміздің ажыралмас бөлігіне айналууда.

(Жалғасы 2-бетте.)

ШЫНАЙЫ ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Адамзат тарихындағы ең көне мерекелердің бірі — табиғаттың жаңаруы, жаңа өмір мен жасару рәмізі болған, көпұлтты халқымызға тән ізгілік, мейірімділік, жомарттық пен қамқорлық, жасампаздық, туған жер мен қоршаған ортаға ұқышты қарау сияқты қасиеттерді бойына сіңірген Наурыз мейрамының келуіне байланысты Өзбекстан Республикасының Президенті атына шет мемлекеттер мен үкімет басшыларынан, халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен, танымал қоғам қайраткерлерінен шынайы құттықтаулар келуде.

Шетелдік ынтымақтастар өз хаттарында еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты, тұрақты даму үрдісін, достық, татулық және тату көршілік ортасын жоғары бағалауда. Өзбекстанның бейбітшілік әрі сындарлы сыртқы саясатының арқасында халықаралық аренадағы беделі артып келе жатқаны ерекше атап өтіліп, Жаңа Өзбекстанның дамуына ізгі тілектер білдірілген.

Өзбекстан Республикасының Президенті
Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға
Құрметті Шавкат Мирмонович!
Көктем мерекесі — Наурызбен ең шынайы құттықтауларымды қабыл алыңыз.

Ресей — Өзбекстан қарым-қатынастары стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында табысты дамуда.

Ортақ іс-әрекетімізбен өзара тиімді екіжақты байланыстарды бұдан былай да достас халықтарымыздың игілігіне, Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту жолында белсенді дамытамыз деп сенемін.

Осы жарқын мереке күні Сізге, құрметті Шавкат Мирмонович, шын жүректен мықты денсаулық пен табыс, ал Өзбекстанның барлық азаматтарына бақыт пен өркендеу тілеймін.

Құрметпен,

Владимир ПУТИН,
Ресей Федерациясының Президенті

* * *

Өзбекстан Республикасының Президенті
Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Құрметті Президент мырза!
Өзбек халқының дәстүрлі Наурыз мерекесіне байланысты Қытай үкіметі мен халқының атынан Сізге, Өзбекстан үкіметі мен халқына шынайы құттықтауларымды жолдаймын.

Мыңжылдық тарихы бар Наурыз — көктемнің келуі мен табиғаттың жаңаруын бейнелейтін, өзбек халқының бақытты өмірге, ел-жұрт бірлігіне және өркендеуге деген ұмтылысын көрсететін мейрам.

Өткен жылдың июль айында Астанада өткен ШЫҰ саммиті аясындағы нынайы әрі достық кездесуімізде Қытай — Өзбекстан қарым-қатынастарын және түрлі салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша маңызды келіссөздерге қол жеткіздік, екіжақты байланыстардың жаңа бағыттарын айқындадық.

Осы келісімдердің табысты жүзеге асып жатқанына, екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың тұрақты түрде нығайып, елеулі нәтижелерге қол жеткізіп жатқанына ризашылық білдіремін.

Мен Қытай — Өзбекстан қатынастарына үлкен мән беремін және біздің жакын достығымызды жоғары бағалаймын.

Сізбен бірлесіп барлық саладағы ынтымақтастықты ілгерілетуге, Қытай мен Өзбекстанның ортақ тағдыр қауымдастығын құру ісін одан әрі дамытуға дайынмын. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізге, Жоғары

Мәртебелі Мырзаға, мықты денсаулық, отбасыңызға бақыт пен игілік, мемлекет басшысы ретіндегі жауапты қызметіңізге толағай табыс тілеймін, ал достас Өзбекстан халқына бейбіт өмір, тұрақты даму және әлауқаттылық тілеймін.

Құрметпен,

Си Цзиньпин,
Қытай Халық Республикасының Төрағасы

* * *

Өзбекстан Республикасының Президенті
Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға
Құрметті Президент мырза!
Америка Құрама Штаттары халқының атынан Сізді және бүкіл Өзбекстан халқын керемет Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Бұл — баршаға бейбітшілік, өркендеу және жаңару әкелетін мейрам.

Елдеріміз арасындағы берік байланыстардың орнауын жоғары бағалаймын және Сіздің дәйекті реформалар бағдарламанызды құптаймын. Сауда қатынастарын кеңейту және заманамыздың ең өзекті мәселелерін шешу жолында ынтымақтастық орнатуды асыға күтемін.

Ұлы мемлекеттеріміз өркендеу жолында алға басып келе жатқан шақта, Америка Құрама Штаттары Өзбекстанның егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын қолдап-қуаттауға берік болып қалады.

Наурыз құтты болсын!
Шын жүректен,

Дональд ТРАМП,
Америка Құрама Штаттарының Президенті

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ НАУРЫЗ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ РӘСІМІНДЕГІ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

“Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстар бұл үдерісті жана деңгейге көтеретініне сенімдімін.

Белгілі болғандай, халқымыз ежелден Наурызды “жыл басы” деп атаған. Біз де ата-бабаларымыздай осы ұлы күнде ізгі ниет тілейміз: Шығыстық Жана жылымыз құтты болсын, өзендеріміз суға, қамбаларымыз астыққа толсын!

Еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген құрылысшыларымыз, қадірлі ұстаздарымыз, жанқияр дәрігерлеріміз, экономикамыздың тірегі саналатын еңбекқор кәсіпкерлеріміз, ел тыныштығын күзеткен жауынгерлеріміз әрдайым аман-есен болсын! Алдымызға қойған асқақ мақсаттар мен ұлы жоспарлар толық жүзеге асын!

Құрметті отандастар! Наурыз — жастық пен жігер мерекесі. Үлкен арман-үмітпен өмірге қадам басқан жастарымыз Жана Өзбекстанның жетекші әрі қуатты күшіне айналып келе жатқанына бәріміз куәміз.

Табанды, талантты ұл-қыздарымыздың батыл әрі қайсар әрекеттері бүкіл әлемде үлкен серпіліс тудырып жатқаны бізді шексіз қуантады. Бүгінде еліміздегі жоғары технологиялық кәсіпорындарды басқарып отырғандар —

негізінен білімді әрі білікті жастарымыз. Кәсіпкерлікке жаңа серпін мен екпін беріп отырғандар да — ақылды, еңбекқор және іскер ұл-қыздарымыз.

Шекарамызда әрдайым қырағылық танытып жүрген сарбаздар мен офицерлер де — батыл әрі қайратты ұландарымыз.

Ғылым, мәдениет, әдебиет және өнер салаларында Отанымыздың даңқын әлемге танытып жүргендер де — жастарымыз.

Әсіресе, елімізді әлемге әйгілі ету ісінде жас спортшыларымыздың айрықша орны мен үлесі бар.

Халқымызға лайықты осындай жасампаз ұрпағымызға даңқ пен құрмет болсын!

Қадірлі перзенттерім, сендер үшін Отанымыздың аспанында жарық жұлдыздай жарқырайтын кез келді. Осы ұлы мақсат жолында Наурыз айында дүниеге келген Абдухолик Фиждуони, Бахауддин Нақшбанд, Мырза Ұлықбек, Зулфияханым, Озод Шарафиддинов, Абдулла Орипов сынды ойшыл тұлғалар сендерге шынайы үлгі бола алады.

Еліміздегі теңдессіз мүмкіндіктерді нақты нәтижеге айналдыру үшін аянбай еңбек етіңдер!

Қай жерде болсаңдар да, қай салада қызмет етсеңдер де, ұлттық құндылықтарымызға, болмысымызға және Отанымызға лайықты әрі адал болыңдар!

Ешқашан ұмытпандар: арттарында 38 миллионға жуық ұлы халық пен Президент тұр.

Сендерге әрдайым сәттілік пен жеңіс серік болсын!

Құрметті мереке қонақтары!

Наурыздың ерекше сиқыры, ең алдымен, еліміздегі тоғыз жарым мыңға жуық махаллада өткізілетін халықтық сейілдер мен мерекелік шараларда көрініс табады.

Мындаған жылдық дәстүрлеріміз бен заманауи құндылықтарымызды бойына сіңірген махалла жүйесінің қоғамдағы орны мен ықпалы барған сайын арта түсуде.

Әсіресе, түрлі өзекті мәселелер мен түйткілдерді махалла деңгейінде шешу реформаларымыздың халыққа жақын әрі тиімді болуына септігін тигізуде.

Шын мәнінде, жастар тәрбиесі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кедейлікті азайту, халықты кәсіпкерлікке тарту, әлеуметтік қорғау, әйелдер белсенділігін арттыру, экология мен абаттандыру сынды аса маңызды міндеттер “махалла жетілігі” жүйесі арқылы нәтижелі шешімін табады.

Белгілі болғандай, биыл елімізде махалла төрағаларының сайлауы өтеді. Халқымыз бұл маңызды үдерісте отаншыл әрі жанқияр азаматтарға дауыс береді деп сенемін.

Алдағы уақытта да махаллаларды жанжақты дамыту басты назарымызда болады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ертен — 22 март күні елімізде кеңінен атап өтілетін **Махалла жүйесі қызметкерлері** күні мерекесімен барша отандастарымызды, махалла белсенділерін шын жүректен құттықтап, олардың абыройлы қызметіне зор табыс тілеймін.

Құрметті отандастар!

Наурыз — ежелден халқымыздың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, зайырлы мемлекет қағидаттарына, төзімділікке, шынайы достық пен ынтымақтастық идеяларына адалдығының айқын рәмізі.

Бұл мейрам — еліміздегі барлық ұлт пен ұлыс өкілдері үшін сүйікті әрі шын мәнінде бүкілхалықтық мерекеге айналды.

Осы қуанышты сәттерде барша халқымызға үндеу жасағым келеді: **біздің күшіміз — бірлік пен татулықта, қуатымыз — Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықта, жетістігіміз — өзімізге деген зор сенімде!**

Наурыздың Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан халықаралық мереке ретінде мойындалуы біз үшін ерекше қуаныш.

Наурыз мейрамы бүгінде бүкіл ұлт пен ұлыстарды, соның ішінде Орталық Азия елдерін бұрынғыдан да жақындастырып келеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, кең байтақ аймағымызда өмір сүріп жатқан барлық ізгі ниетті жандарды халқымыздың атынан шын жүректен құттықтаймын.

Шын мәнінде достықтың, бауырластық пен ынтымақтастықтың ордасына айналып келе жатқан аймағымыз әрдайым бейбіт болсын, гүлдене берсін!

Осы ретте өніріміздің құрметті зиялыларына, ғылым, мәдениет, өнер және әдебиет өкілдеріне айтақшымын.

Қадірлі достар, сіздер өздеріңіздің асқан

дарындарыңыз, ақыл-ойларыңыз арқылы ежелгі бауырластығымызды, ортақ құндылықтар мен дәстүрлерімізді, ізгі мұраттарымызды дәріптейтін туындылар жазып, жастарымызды осы рухта тәрбиелеуге үлес қоссаңыздар, халықтарымыз сіздерге риза болары сөзсіз.

Мұндай кемел шығармалар қазіргі күрделі заманда халықтарымызға, әсіресе, жас ұрпаққа берік рухани қорған болатынына күмән жоқ.

Осы айдың соңында көне Хужант қаласында Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан басшыларының үшжақты кездесуі тату көршілік қатынастарын нығайтуда тағы бір нақты қадам болады деп сенемін.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүгінгі мерекемізге қатысып отырған шетелдік мемлекеттердің құрметті елшілерін, барлық дипломатиялық корпус пен халықаралық ұйымдардың өкілдерін **Халықаралық Наурыз күнімен** шын жүректен құттықтаймыз.

Елдеріңіз бен халықтарыңызға достық сәлем жолдаймыз!

Құрметті отандастар!

Осы ұмытылмас, шуақты сәтте сіздерді, қадірмендерімді, барша жерлестеріңізді Наурыз мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Әр шаңыраққа, бүкіл елімізге бейбітшілік, бақыт, береке мен молшылық тілеймін!

Қасиетті құндылықтарын мәңгі жасасын, Наурыз!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

ШЫНАЙЫ ҚҰТТЫҚТАУЛАР

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

Өзбекстан Республикасының Президенті

Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Ассалаумағалейкүм уа рахматуллахи уа баракатуху.

Наурыз мейрамына орай Сізге, Жоғары Мәртебелі Мырза, шынайы құттықтауларымыз бен ізгі тілектерімізді жолдап, Сізге мықты денсаулық пен баянды бақыт, бауырлас Өзбекстан үкіметі мен халқына тұрақты даму мен өркендеу тілейміз.

Ізгі құрметпен,

Салман бин Абдулазиз Ол САУД, Сауд Арабиясының Хоролі

Өзбекстан Республикасының Президенті

Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Ассалаумағалейкүм уа рахматуллахи уа баракатуху.

Наурыз мерекесіне орай Сізге, Жоғары Мәртебелі Мырзаға, шын жүректен құттықтауларым мен ізгі тілектерімді жолдай отырып, Сізге мықты денсаулық пен баянды бақыт, бауырлас Өзбекстан үкіметі мен халқына одан әрі даму мен өркендеу тілеймін.

Ізгі құрметпен,

Мухаммед бин Салман бин Абдулазиз Ол САУД, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Министрлер Кабинетінің Төрағасы

Өзбекстан Республикасының Президенті

Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Құрметті Президент мырза, ардақты бауырым!

Табиғат қайта жанданып, жер оянып, үміттер бұр жарған Наурыз мейрамына орай, Сізге, Жоғары Мәртебелі Мырзаға және бауырлас Өзбекстан халқына шынайы құттықтауларымды жолдаймын.

Ғасырлар бойы жалғасқан көне дәстүріміз — Наурыз бейбітшілік, бауырмалдық пен бірліктің маныздылығын биыл да еске салуға мүмкіндік беруде. Наурыз әлемде бейбітшілікке деген үміттің бүршік атып, халықаралық диалог пен ынтымақтастықтың жаңа қырларын ашатын қуанышты хабар алып келсін деп шын жүректен тілеймін. Елдеріміз арасындағы терең тамыр жайған достық пен бауырластық байланыстарының нығаюы, өзара ынтымақтастығымыздың одан әрі күшеюі — осы Наурыздағы ең ізгі тілектеріміздің бірі.

Осы шуақты күнге орай, Сізге, Жоғары Мәртебелі Мырзаға мықты денсаулық пен бақыт, ал бауырлас Өзбекстан халқына бейбітшілік, амандық пен молшылыққа толы жарқын болашақ тілеймін.

Ізгі құрметпен,

Режеп Тайып ЭРДОҒАН, Түркия Республикасының Президенті

КҮШІМІЗ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТА, ҚҰДІРЕТІМІЗ – ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН АДАЛДЫҚТА

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

— Қадірлі перзентерім, сендердің Отан көгінде жарқыраған жұлдыздарға айналатын кездерін келді. Еліміздегі шексіз мүмкіндіктерді нақты нәтижелерге айналдыру үшін аянбай еңбек етіңдер! Естеріңде болсын, арттарында 38 миллионға жуық ұлы халық, Президент тұр, — деді Шавкат Мирзияев.

Наурыздың ерекше сәні мен тартымдылығы, әсіресе, махаллаларда ұйымдастырылатын халықтық сөйілдерде ай-

қын сезіледі. Ұлттық дәстүрлеріміздің ошағы болған махалла жүйесінің қоғамдағы орны мен ықпалы артып келеді. Жастар тәрбиесі, тыныштықты қамтамасыз ету, кембағалдықты қысқарту, халықты кәсіпкерлікке тарту, әлеуметтік қорғау, әйелдер белсенділігін арттыру, экология мен көркейту сияқты маңызды мәселелер тікелей махалла деңгейінде шешілуде.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мемлекетіміз басшысы 22 март — **Махалла жүйесі қызметкерлері** күнімен барлық махалла белсенділерін шынайы құттықтады.

Наурыз — бауырмалдық пен достық рухын паш етіп, еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстар үшін сүйікті, нағыз халықтық мерекеге айналған мейрам. Осыған орай, Президентіміз бүкіл халқымызға үндеу жасады: — Біздің күшіміз — бірлік пен татулықта, құдіретіміз — Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықта, жетістігіміз — өзімізге деген зор сенімімізде! — деді.

Наурыздың жалпыадамзаттық мәні оны Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық мереке ретінде мойындауына негіз болды. Бұл құндылық Шығыстағы көптеген ұлт пен ұлыстар-

ды, соның ішінде Орталық Азия елдерін одан әрі біріктіруде. Осы айдың соңында ежелгі Хужант қаласында Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан басшыларының үшжақты кездесуі өзара достық пен ынтымақтастық жолында тағы бір маңызды қадам болмақ.

Мемлекетіміз басшысы мерекеге қатысып отырған елшілер мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін халықаралық Наурыз күнімен құттықтап, олардың халықтарына достық сәлемін жолдады.

Мереке үлкен концерттік бағдарламаға ұласты. Онда елі-

бітшілік, қуаныш пен жаңа бастамалар әкелсін!

Ізгі құрметпен,

Гурбангули БЕРДИМУХАМЕДОВ, Түркімен халқының ұлттық көшбасшысы, Түркіменстан Халық Мәслихатының Төрағасы

Өзбекстан Республикасының Президенті

Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Құрметті Шавкат Мировонович,

Ардақты бауырым!

Сізді және бауырлас Өзбекстан халқын терең тарихи, ұлттық және мәдени тамырларға ие Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Екі мың жылдан астам уақыттан бері зор қуанышпен атап өтілетін бұл мереке — жердің жанаруы, табиғаттың тулап, адамның рухани қайта туылуын білдіреді. Наурыз мейрамы құтты болсын, бауырлас халықтарымыз үшін игі істердің бастамасы болсын!

Сенімім мол, Әзербайжан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық — ортақ тарихымызға, бай ұлттық және рухани құндылықтарымызға, халықтарымыздың бауырластығы мен бірлігіне сүйене отырып, бұдан әрі дами түсіп, өзара іс-әрекетімізбен нығаға береді.

Осы жарқын мерекеде Сізге және отбасыңызға мықты денсаулық, бақыт пен шаттық, ал бауырлас Өзбекстан Республикасына және оның халқына өркендеу жолында жаңа табыстар тілеймін.

Ізгі құрметпен,

Илхом АЛИЕВ,

Әзербайжан Республикасының Президенті

Өзбекстан Республикасының Президенті

Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Табиғаттың жанаруы, жарқын болашаққа үміт және һижри-шамси жана 1404 жылдың басталуымен тұспа-тұс келетін ұлы әрі көне Наурыз мерекесімен Сізді, Жоғары Мәртебелі Мырзаны және еліңіздің халқын шын жүректен құттықтаймын.

Көктем — табиғаттағы тепе-теңдік кезеңі, мейірімділік, бірлік және жанару уақыты.

Жаңа һижри-шамси жылы екі ел арасындағы қарым-қатынастар мен халықтарымыздың өмірінде жарқын өзгерістерге куә болады деп үміттенемін.

Құдіретті Жаратушыдан Сізге, Жоғары Мәртебелі Мырзаға мықты денсаулық пен табыс, Өзбекстан Республикасының халқына бақыт пен әл-ауқаттылық, ал Наурыз мәдениеті аймағы мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамуын тілеймін.

Масуд ПЕЗЕШКИЯН, Иран Ислам Республикасының Президенті

Өзбекстан Республикасының Президенті

Жоғары Мәртебелі Шавкат Мирзияев Мырзаға

Табиғаттың жанаруы, жарқын болашаққа үміт және һижри-шамси жана 1404 жылдың басталуымен тұспа-тұс келетін ұлы әрі көне Наурыз мерекесімен Сізді, Жоғары Мәртебелі Мырзаны және еліңіздің халқын шын жүректен құттықтаймын.

Көктем — табиғаттағы тепе-теңдік кезеңі, мейірімділік, бірлік және жанару уақыты. Жаңа һижри-шамси жылы екі ел арасындағы қарым-қатынастар мен халықтарымыздың өмірінде жарқын өзгерістерге куә болады деп үміттенемін.

Құдіретті Жаратушыдан Сізге, Жоғары Мәртебелі Мырзаға мықты денсаулық пен табыс, Өзбекстан Республикасының халқына бақыт пен әл-ауқаттылық, ал Наурыз мәдениеті аймағы мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамуын тілеймін.

Ізгі құрметпен,

Сондай-ақ төмендегілер өз құттықтауларын жолдады: Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы **Нұрлан Ермекбаев**,

Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы **Кубанич-бек Омуралиев**,

Экономикалық ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы **Асад Мажид Хан**.

Құттықтаулардың келуі жалғасуда.



міздің өнер жұлдыздарымен

Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан сынды бау-

Қуанышты сәт

МАХАЛЛА – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН МЕКЕМЕ



Махалла — халқымыздың бірлігін нығайтып, қоғамдық өмірдің үйлесімді дамуына ықпал ететін маңызды құрылым. Соңғы жылдары мемлекет басшысының бастамасымен осы институттың жұмысын жандандыруға ерекше көңіл бөлініп, материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырылуда.

Осы игі істердің жарқын көрінісі — Наурыз мерекесі қарсаңында Ташкент облысы, Аққорған ауданының “Навбахор” махалласындағы махалла азаматтар жиынының жаңа, заманауи ғимаратының ашылуы болды десек, артық айтқандық болмас. Бұл оқиға — жергілікті тұрғындар үшін үлкен қуаныш әрі көптен күткен мерекелік тарту болды.

Аққорған ауданының орталығынан 35 шақырым жерде

орналасқан “Навбахор” махалласы үш мыннан астам тұрғынды қамтиды. Дегенмен, осы уақытқа дейін махалла жеке ғимаратқа ие болмағандықтан, тұрғындарға кейбір мәселелер бойынша қызмет етуде бірқатар қолайсыздықтар туғызды. Жаңа ғимарат барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтылған, кең әрі жарық бөлмелер, қолайлы жұмыс жағдайы жасалған. Ашылу рәсімінде салтанатты түрде таспа қиылып, қонақ-

тар жаңа нысанмен танысты. Тұрғындардың қуанышында шек болмады, өйткені бұл — халық игілігі үшін жасалған үлкен қадам.

Жаңа ғимаратта махалла басшылығы мен “Махалла жетілігіне” халықпен тиімді жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған. Қызметкерлер заманауи жиһаздармен, қажетті кенсе техникасымен толық қамтамасыз етілген. Енді тұрғындардың өтініштері мен сұрақтары уақытылы қаралып, мәселелер жылдам шешілетін болады.

Халықтың әл-ауқатын жақсарту жолындағы маңызды қадам болған жаңа махалла ғимараты — тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге, олардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға және қоғамдық өмірдің жандануына ықпал етеді.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

МҮМКІНДІКТІ НӘТИЖЕЛІ ПАЙДАЛАНУДА

Бүгінде Қарақалпақстан Республикасының астық егілген аудандарында 2025 жылдың астық өнімі үшін бірқатар агротехникалық шаралар жүргізілуде.

Атап айтқанда, астық алқаптарында сала өкілдерінің ұсыныстары негізінде қыс мезгілінде астық егілген танаптарды азықтандыру бойынша кең көлемді жұмыстар жүргізілуде.

— Биыл Қарақалпақстанда бірінші рет орташа 5-6 сантиметрлік қалың қар жауды. Соны ұтымды пайдаланып, бидай егілген алаңдарды азықтандыру жұмыстарын жүргізуіміз керек, — дейді республикалық дәнді егін селекциясы және тұқымшылық зертханасы бастығы Оразбай Абдуллаев. — Сульфат-аммоний тыңайтқышы жақсы әсер етуші саналады. Мақсатымыз сол тыңайтқыштың егін тамырларына жетіп баруын қамтамасыз ету. Сондықтан да тыңайтқышты ерте беріп, уақытты нәтижелі пайдалансақ, өткен жылы бірлестігіміз 45 цен-

тнерден өнім алған болса, биыл өнімді 55-60 центнерге жеткізетін жұмыстарды істеуіміз қажет. Өзіміздің бидай сұрыптарымыз шөлге, сорға және басқа да климатымыздың кері әсерлеріне өте шыдамды. Енді бұл сұрыптарды көбірек егуіміз қажет.

Аталмыш жұмыстардың нәтижелі жүргізілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ қыстың соңғы күндерінде жауған қарды нәтижелі пайдалану мақсатында Нөкіс ауданындағы Дән және салы ғылыми-өндірістік бірлестігі тарапынан арнаулы техникалармен астық алаңдарын азықтандыру шаралары жүзеге асырылуда.

Тілеухан ШӨМЕКОВА,
“Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

ТҰРҒЫНДАРҒА ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ ЖАРАТЫЛУДА

Бахмал ауданында 33 махалла азаматтар жиыны бар, оның 7-і (22%) табиғи газға қосылған, ал қалған 26-сы (73%) сұйылтылған газ өнімдерімен қамтамасыз етілген. Халық санын есептегенде ауылда 27175 шаруашылық болса, оның 29234-і газбен қамтылған. Оның 7114-і табиғи газбен, 22 120-сы сұйылтылған газбен қамтылған. “Бахмалтумангаз” газбен қамту бөлімі арнайы жабдықталған 5 көлікпен белгіленген кесте бойынша сұйылтылған газбен қамтамасыз етілген тұтынушыларға жоспардағы 1171,2 мың тоннаға қосымша 642,3 тонна сұйылтылған газ жеткізді. Жыл басынан бері 174 жаңа жас отбасы сұйылтылған газбен қамтамасыз етілді. Тұрғындарға қолайлы болу үшін январь айында жанармай құю бекеті іске қосылды. Газбен қамту бөліміне келіп түскен өтініштердің уақытылы тексерілуіне назар аударылуда. Өтініштерді зерделеу барысында жылына бір рет пәтерлердегі бар газ жабдықтарын техникалық тексеруден өткізу ескертіледі. Қолданыстағы ескірген газ жабдықтарын қауіпсіз және тиімді пайдалануға кепілдік беретін заманауи энергия үнемдейтін қондырғыларға ауыстыру үшін енгізілген. Жызақ облыстық баспасөз қызметі.



Таным

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

Поэзия — ол қай тілде жазылмасын, өз оқырмандарымен қатар түрлі халықтарды да бірлестіріп, бір арнаға тоғыстырып отыратын жанрдың бірі. Өйткені онда өмірлік қағидаттар мен адам баласына тән адамилық қасиеттер, өзіндік ерекшеліктер орын алады. Ал поэзиялық туындылар мен оны туындатқан ұлы тұлғалардың өлмейтіні, ғасырлар өтсе де атының өшпестігі осыдан болар.

Жуырда Шыршық мемлекеттік педагогика университетінде Факультетаралық орыс тілі кафедрасының оқытушылары Т.Юлдошева, Х.Қадыровалар қазақ тілі және әдебиеті бөлімінде тарихты оқыту әдістемелігі бағыттары бойынша қазақтың ұлы тарихи тұлғалары жайлы студенттермен сұхбат өткізді. Сұхбат арқауы қазақтың ұлы ақыны Абайдың 180 жылдығына арналды. Оған негізінен ақынның аудармашылығы өзек етіліп, сондай-ақ орыс халқының ақыны А.Пушкиннің шығармашылығына және екі ірі тарихи тұлғаның поэзиядағы үйлесімділігі жөнінде сөз өрбітілді.

Студенттер Орыс тілі және әдебиеті, Қазақ тілі және әдебиеті орталықтарында екі ірі тұлғаның өмірімен және шығармашылығымен танысты.

Абай Құнанбаевтың қазақ әдебиетінің классигі, композитор, қоғам қайраткері, ағартушы, демократ, сондай-ақ аудармашы ре-

тінде қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Оның туындыларының тек қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл шығыс пен батыс әдебиетінде де алатын орны бөлек.

Ақынның “Орыс тілін білу бүкіл әлемді білу” деген сөзі де текке айтылмаған. Ақын А.Пушкиннің Евгений Онегин поэмасын, М.Лермонтовтың шығармаларын, И.Крыловтың мысалдарын аударып қазақ халқына ұсынды. Сондай-ақ Гете, қазақ халқын, өз оқырманын Гетенін, Байронның туындылары арқылы Еуропа поэзиясымен таныстырды. Бүгінде қазақтың арасында, әсіресе қазақ әдебиетін оқып өскен, қазақ әдебиетімен таныс болған тұлғалардың арасында орыс ақын-жазушыларының өлеңдерін, мысал, әңгімелерін білмейтіні жоқтың қасы. Әрине мұнда ұлы ақынның ерен еңбегі жатқаны тайға таңба басқандай, анық мәселе.

Жалпы, Абай үшін ағар-

тушылық міндет пен парызды ғана емес, оның жан дүниесін де талап етті. Абайдың аудармаларынан тыс, оқытушылар табиғат лирикасынан слайдтар арқылы үзінділер келтірді.

Сұхбат сонында студенттер екі халықтың ірі жыр алыбының шығармашылығы жайында сөз өрбітіп, Абайдың аудармаларынан тыс өлеңдерін де орыс тілінде жатқа оқыды.

Жалпы айтқанда, бүгінгі жастардың поэзияға қызығуы жоғары. Әсіресе студент-жастардың екі халық классикі қаламгерлерінің шығармаларына деген қызығушылығы мен құлшынысы ерекше. Мұны біріншіден, бүгінгі өткен сұхбат айқындаса, екіншіден, студент-жастардың өлең-жырға деген ұмтылысына серпін берері ақиқат.

Тохта ЮЛДОШЕВА,
Шыршық педагогика университетінің факультетаралық орыс тілі кафедрасының доценті.

Қош келдің!

НАУРЫЗ ТОЙЫ – ЖЫР-АҢЫЗ



Наурыз келді салтымыз, Көсерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді, Наурыз тойы — береке, Наурыз тойы — жыр-аңыз —

деп басталатын өлең шумақтарын бастауыш сыныпта жатқа айтатынбыз. Бүкіл сынып, бүкіл сынып та

емес, бүкіл мектеп оқушылары мәзмейрам боп, Наурыз мерекесін асыға күтіп, оған ерекше дайындалатынбыз. Мерекенің көркі де, сәні де ұлттық киімдер мен ұлттық дәстүрлерде болатын. Онда әсем әндер шыркалып, ұлттық билер биленетін. Жас та болсақ, бұл бала

көңілдегі ұлттық мақтаныш сезімі екенін кейіннен аңғарып келеміз. Ал, жоғары сынып оқушылары қазақтың салт-дәстүрі үлгілерінен (беташар, асық ойыны, тұсау кесу, бесік жыры, т.б.) қысқаша қойылымдар қоятын. Бұл мектеп деңгейіндегі бағдарламалар болатын, ал ауылдық деңгейі-

де кенінен атап өтілетін мейрамға ауылдың жасы үлкен апалары мен жеңгейлер де қатысатын. Бір қызығы олар әр саланың өкілі болса да, бір аранада тоғысқандай, үлкен қызығушылықпен, ерекше дайындықпен қатысатын.

Наурыз айы туғанда, Той болуың еді бұл маңда, —

дегендей, мереке алаңына ауылдың үлкен-кішісі түгел жиылып, мейрам ерекше тойланатын. Барынша кәрі-жастың бәрі, әсіресе қыз-келіншектер ұлттық киім киюге тырысатын. Онда қыз қуу, күрес, арқан тарту, тағы басқа да ұлттық ойындар ойналатын. Жоғарыдағы айтқан бесік жыры немесе тұсау кесу дәстүріндегі жөн-жоралғыларды жасы үлкен әжейлер ойнап, тура бір жай көрініс емес, реалистік тұрғыдан асқан шеберлікпен жеткізетін. “Ауылдың алты ауызы” дегендей, кимешек киген әжейлерді халық әндерін осы күндерде көп шырайтытын. Ең қызығы, мейрамның шарықтау шегі ерине сумалақ тағамымен байланысты болатын. Күні бұрын сумалақ қайнатылып, бүкіл елге таратылатын. Осыдан-ақ ауыл адамдарының, ағайын-жамағаттың татулығын, ауызбірлігін байқау қиын емес-ті.

Иә, жыл басы деп саналатын бұл ұлттық мереке осылайша қуанышпен қарсы алынып, тамаша ойын-сауықпен өтетін. Бұл үрдіс әлі де жалғасын тауып келеді. Бүгінде мейрамды тойлау ауыл-аймақтарда заман талабынан сәйкес, жаңаша көрініске еңсе де мазмұндық тұрғыдан қиндылығын жоя қойған жоқ. Алайда бұрынғыдай үлкен кісілер атсалыспаса да қыз-ке-

ліншектердің қатысуымен ұлттық әдет-ғұрыптар дәріптеледі. Жақсы көңіл күймен мейрамды жоғары деңгейде өткізуге тырысады.

Жалпы бұл мейрам жердің жылуы мен күннің күлімдейтін тұсына тура келетін, табиғат жанданып, тіршілік атаулыға қозғау салған кезге дәл келетін мейрам. Бұл мейрам тек біздің елде ғана емес, Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Түркіменстан, тағы басқа да елдерде кенінен тойланады.

Жазба деректерге жүгінсек, бұрын Наурыз мейрамын тойлау таң атуды қарсы алудан басталған көрінеді. Бұл ежелгі ғұрыптардың біріне “Бұлақ көрсен көзін аш” деген мәтелге байланысты болады. Наурыздың алғашқы күндерінің бірінде ерекше күл жүреді. Білетін адамдар мұны жұмақтан шыққан қойлар бірінші болып сезеді, оларды баққан қойшы да байқайды дейді. Наурыздың келуімен бүкіл табиғат, жан-жануарлар, адамдар жандана түседі. Бұл күні шаш алуға, тырнақ алуға болмайды, әйтпесе сал болып қаласың деген ырымдар да бар көрінеді. Тіпті айналадағы жан иесінің бәрі “әзден” кейін ғана ерекше күш-қуатқа ие болады. Халықта айтылатын мынадай “әз болмай, мәз болма” деген қанатты сөз де осыған байланысты айтылса керек.

Сонымен қатар мереке күні қар жауса жақсы болады деп ырым жасаған. Бізге жеткен қазақ аңыздарында қыздың сулулығы Наурыздың ақ қарына теңестіріледі. Бұл таңғажайып жайт емес, өйткені Наурыздағы қар әдетте жұмсақ, ерекше аппақ болады.

Шығыс жыл санағы бойынша, мереке ирандықтардың жаңа жылы — Наурузбен жанасады. Наурыз мерекесін бүкіл түркі тілдес халықтары кеңінен тойлайды. Тәжік халқы “Бәйшешек”, “Гүлгардон” немесе “Гүлнаваруз”, татарлар “Нардуган”, бирмалықтар “Су мейрамы”, хорезмдіктер “На-

усарджи”, буряттар “Сааган сара”, армяндар “Навасарди”, чуваштар “Норис ояхе” деп атаған екен.

Ұлы ғұламалар Әбу Райхан Беруни, Омар -айям тәрізді әлем таныған тарихи тұлғалардың еңбектеріндегі шығыс халықтарының Наурыз мейрамын қалай тойлағаны туралы деректерге назар аударсақ, парсы тілдес халықтар Наурыз мерекесін бірнеше күн тойлаған көрінеді. Яғни олар Наурыз күндерінде мынадай салт-дәстүр, ырымдар жасаған. Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған. Жеті, ақ кесемен дәстүрлі ұлттық кезе “сумалақ” ұсынған. Ескі киімдерін тастап, ескірген шыны ыдыс-аяғын сындырған. Бір-біріне гүл сыйлап отырған. Үйлерінің қабырғасына ою — “күн символы” салған. Үйлеріндегі тіреу ағашқа гүл ілген. Сондай-ақ жамбы ату тәрізді түрлі жарыстар өткізіп отырған. Ең бастысы, бір күнде кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан, араздаспаған.

Қорыта айтқанда, Наурыз мейрамы көнеден келе жатқан діни де емес, достық пен еңбектің, береке-бірліктің мейрамы. Адамдар арасындағы ауызбіршілікті, халықтар арасындағы достық пен ынтымақ-бірлікті нығайта түсетін ұлттық мейрам. Оның маныздылығы, әсіресе жас ұрпақты ата-баба дәстүрінің жалғасы болған әдет-ғұрыптар мен салт-сананы құрметтеуге үндеуінде, адамилық қасиеттерге тәрбиелеуінде, өзара сыйластық пен бауырмалдыққа шақыруында жатыр.

Айтпақшы, Наурыз айы туғанда өтетін “Көрісу” күнінің де осы мейраммен тұспа-тұс келуі текке емес және ол тек бір күнмен ғана шектелетін мереке емес. Ол наурыздың 14-нен бастап, айдың соңына дейін жалғаса береді екен.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА



Мереке

ШЫРАЙЛАНДЫРЫП
КЕЛГЕН ӘЗ НАУРЫЗ

Ұлыстың ұлы күні әз Наурызды атап өту деңгейі елде жылдан жылға кең сипат алып, ерекше тойлау мәдениеті қалыптасып келеді. Ұлттық дәстүріміз бен құндылықтарымызды айшықтайтын төл мерекені түркі халықтары асыға күтеді, Наурыз ерекше мереке.

Наурыз — барша мұсылман әлемі тойлайтын ұлы мереке, ұлыстың ұлы күні.

Бұл күні күн мен түн теңеліп, Самарқандтың көк тасы жибиді. Осы күннен бастап

күн жылынып, ұзарып, түн болса, керісінше қысқара бастайды.



Ертеректе бұл мерекені бүкіл ауыл болып дайындалып, үлкен той қылып тойлайтын. Қазірде де Наурыз мейрамының орны ерекше, оның дәстүрлі тойлануы әдетке айналған.

Еліміздің түкпір-түкпірлерінде тойланып, баршаға бірдей шаттық көңіл күй сыйланып жатқанына куә болып тұрғанымызға бірнеше күн болды. Солардың бірі Ташкент облысы Шыршық қаласының бақшаларында өтті. “Машинасозлар” саябағында театрландырылған көріністер, ұлттық спорт бойынша сайыстар, колөнершілер көрмесі, көптеген ұлттардың салт-дәстүрлерін дәріптейтін шаралар ұйымдастырылды.

Мерекелік шараны аудан әкімі Муроджон Абдурахимов ашып, баршаны мерекемен құттықтап ізгі тілектерін жеткізді.

Наурыздағы бата мен тілектер қазақ халқының бір-

лікке, татулыққа, молшылыққа деген сенімін білдіреді. Бұл мереке — тек жаңа жылдың басы ғана емес, рухани жаңғырудың да белгісі.

Наурыз батасы — ұрпаққа үлгі, тәрбиелік маңызы зор дәстүр. Тілектер — адамдар арасындағы мейірімділікті күшейтетін, ниет пен сенімнің көрінісі. Ақ бата — жақсылықтың бастауы, айтылған тілек адам өміріне қуат береді деп саналады.

Мереке соңында, қалалық “Нуроний” қорының бөлімі бастығы Олим асқарал сөзге шығып мұндағы өзгерістер жайлы, күннен күнге көркейіп бара жатқан қала жайлы осы махалла тұрғыны ретінде мақтанышын жеткізіп, елге батасын берді.

Гүлзат ҚҰРБАНОВА,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Мерей

ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ

Жасына қарамай үлкен де, кіші де, яғни кім де болса жарқын сезім, баянды болашақ туралы армандайды. Уақыты келіп сол арман дүниеде соның ғана жалғызына, сүйіктісіне, өмір тынысына айналумен артық бақытты қажет етпейді.

Иә, адамзат баласының басынан өткізген әрбір күні тарих болып есептелсе керек. Рас, бұл қай қырынан алып ойлап қарасақ та, шындыққа саятыны ақиқат. Өзіңіз де бәрін емес, тек ес жиып, етек жапқан, арман-мақсат еткен асқаралы биікке жету жолындағы шытырман, білім кемесіне келген сәтке дейінгі, яғни біз айтатын балғын балалық кезден басталатын дәуірдің одан кейінгі өткен уақытын-ақ еске алайықшы. Шындығында да, ол аралық сан қырлы оқиғаларға толы болған емес пе?

Ал енді сол тарихтың басталуының, содан соң жалғасқан беттерін ашып, басып өткен өмір жолымен танысайық.

Жоғарыдағыдай мақсат еткен арманына жетіп, көпке үлгі-өнеге болған, жастарға білім беру жолында ұлағатты ұстаз атанған, көпшілікке таныс Гүлзура Сманова апай жайлы айтып өтсек. Ол 1945 жылы көкке бой созған Абылқасқа тауының сілемдерінен саналатын екі жағы қыр-шоқыға айналып, адыр-жотасы Абылқасқаға (Шымған) ұласатын ақдалада дүниеге келіп, ата-ана тәрбиесінде болды.

Сол маңдағы Үштерек ауылындағы төрт жылдық бастауыш мектепке 7-8 шақырымдық аралықтан ағасы Қуанышқа ілесіп барып, әріп танып, көші-қон саясаты іске асқанға дейін оқыған.

Иә, Главасай деп аталған елді мекеннің барлық азаматтары қазіргі жасап жатқан Абайға келіп қоныстанғаннан соң ол оқуын одан әрі жалғастырып, онының сыныпты Қосқорған ауылындағы №30 мектепте аяқтаған. Есіткендері мен көргендерін санасына түйген ата-анасы ұл балалардан кем болмай қыздардың да оқыса қор болмайтындарын айтып отыратын, содан соң құжаттарын Низами атындағы институттың тіл-әдебиет бөліміне тапсырған. Мемлекеттік сындардан сүрінбей өтіп, талапкер болған Гүлзура ата-анасының алғашқы сенімін ақтап қуанышқа бөлеген болатын.

Студенттік жылдар жылжып өтіп, жоғары білімді маман атанып, жолдамамен Домалақ ауылындағы №64 жалпы орта білім беретін мектепке (қазіргі №26 мектеп) келіп, жоғары сыныптарға сабақ беруден еңбек жолын бастаған. Содан кейін Ғазалкент қаласындағы №6 мектеп-интернатта еңбек еткен.

К.Д. Ушинскийдің: “Мұғалім — өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады”, — деген қағидатты ескерген Г.Сманова шәкірттеріне білім беруде көп ізденіп білгендерін тағы да ұштай түсумен бірге жете білмегендерін, түсінбегендерін тәжірибелі ұстаздардан сұрап, үйренуден арланбаған. Өзі ісіне деген сүйіспеншіліктен оқушылардың бойында білім алуға деген талпынысты, құштарлықты ояту жо-



лында ерінбей, әрбір сәтті тиімді пайдалануға әрекет жасады. Осының нәтижесінде ұжымның, ата-аналардың алғысына ие болды.

Ал 1970 жылдан еңбек демалысына шыққанға дейін ауданда іргетасы ерте қаланып, талай жастарды ұядан ұшырған №1 жалпы орта білім беретін (Абай атындағы мектеп) білім ордасында еңбек еткен. Зейнетке шыққаннан кейін де мектеп әкімшілігінің ұйғарымы бойынша тағы да бірнеше жыл шәкірттерге білім берген. Арадан өткен жылдарда өткен еңбегі ескерусіз қалмаған. Ұстаздың өнегелі еңбегі бағаланып республикалық, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен және “Ағарту ісінің үздігі” төсбелгісімен де марапатталған. Мұғалімнің бүкіл мақтанышы шәкірттерін білім нәрімен сусында-тып, өніп-өсуінде деп айтылғанындай, еңбек жолын бастағаннан зейнетке шыққанға дейін білім берген шәкірттерінің өмірден өз орындарын тауып, түрлі мамандық иелері атанып, ел игілігі жолында еңбек етіп жүргендерін көріп, еңбегінің еш болмағанына қуанып шүкіршілік етеді.

Білім берген шәкірттерінің дені өзі сияқты еңбек демалысына әлдеқашан шығып, ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере сүйіп отырғандары да аз емес. Ұлағатты ұстаз, ардақты ана Гүлзура Сманова көпке таныс, еңбегінің 13 жылын ұстаздыққа, 52 жылын журналистикаға арнаған отағасы Жақсылық Дауылбаевпен екі ұл, үш қызды өсіріп, бір топ немере-шөбере сүйіп, ибалы келіндеріне риза болып, бақытқа бөленіп отырған сыйластығы жарасқан, жандары жайсан, көңілдері дарқан ата мен әже.

Өткен өмірінің денін жастарға білім беруге жұмсаған асыл ана, ұлағатты ұстаз Г.Сманова бүгін 80 жасқа толып отыр. Көпшіліктің алғысына бөленіп үлгі-өнеге болып келген құрметті ұстазды туылған күнімен әрі Наурыз мерекесімен шын жүрекпен құттықтаймыз. Перзенттері мен немере-шөберелерінің қуанышына бөленіп, асыл әже атанып жүре беріңіз дейміз.

Гүлзира ҚАЛЫБАЕВА,
Ғазалкент қаласы.

Байқау

ПАЙ-ПАЙ, ШІРКІН, ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНДЕРІ-АЙ...

Баланың санасына ұлттық құндылықтарды дарытып, салт-дәстүрге, тілге, дінге деген көзқарасты қалыптастыратын — отбасы. Сондықтан тәрбие беретін ата-ананың өзі саналы, дүниетанымы кең, рухани жағынан бай болғаны абзал. Қазақта “Қыз — өрісің” деген аталы сөз бар.



Қыз бала бойжеткен соң ақ босаға аттап, бір үйдің түтінін түзу түтетін келін болады. Халқымызда “Келіні жақсы үйдің керегесі алтыннан”, “Келін — үйдің құты” деген аталы сөздер бекерден-бекер айтылмаған. Өйткені әулеттің көркеюі мен өсуі босағаны оң аяғымен аттап кірген жас келінге байланысты. Жөн-жосықты білетін, көркіне ақылы сай келін — бір әулеттің мақтанышы, отағасының мерейі. Мұндай жаннан ұлағатты ұрпақ тарайды.

Ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа насихаттау мақсатында Тамды аудандық мәдениет үйінде “Пай-пай, қазақтың келіндері-ай” байқауы өткізіліп, бір шаңырақтың ұйытқысы болып отырған ауылдық азаматтар жиындарындағы ибалы келіндеріміз өзара сайысты. Ақылды да үлгілі келіндерді бағалау қазылар алқасына оңайға соқпады. Байқауда ауданымыздан үй мен жұмыстың тізгінін қатар ұстап, халықтың батасы мен ыстық ықыласына бөленіп жүрген үміткерлер 4

шарт бойынша өзара бақ сынады.

Алғашқы бөлімде өздерін таныстырып, кейінгі шарттарда қатысушылардың шығармашылық қабілеті, ән салып, би билеуі, суырып салма тапқырлығы, көркемсөз оқу шеберлігімен сыналды. “Қолы шебер, ісі бекем” аталған үшінші бөлімде қатысушылар колөнерін көрсетсе, “Бармағынан бал тамған...” атты кезеңде олар әкелген ұлттық тағамдарының жасалу жолдарын айтып берді. Сайыс қатысушылары осылайша кәсіпте де, ошақ басында да нағыз қазақ әйелдерінің қолынан келмейтін дүниенің жоқ екендігін көрсетті.

Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен Тамды аудандық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімі атынан қатысқан А.Ертөстікова бас жүлдеге лайықты деп табылып, қалған қатысушылар басқа аталымдарды еншіледі.

Г.НАРЫНБЕТОВА,
Науаи облысы.

“Жас құтқарушылар” сайысы

БАТЫЛДЫҚ ПЕН БІЛІМ СЫНАҒЫ

Қазіргі таңда табиғи апаттар, техногендік оқиғалар мен күтпеген төтенше жағдайлар кез келген қоғамның алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Мұндай жағдайда жастардың қауіпсіздік ережелерін меңгеруі, төтенше жағдайларда жедел әрі дұрыс шешім қабылдауы аса маңызды. Осы мақсаттар негізінде ұйымдастырылған “Жас құтқарушылар” республикалық сайысының Юнусбад аудандық басқышы Ташкент қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының арнайы бөлімінде өтті.

Бұл жарыс жастарды төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге, ұжымдық жұмыс істеуге және жауапкершілікті сезінуге үйрету мақсатында өткізіліп, оған 356 оқушы қатысты. Сайыс жастарды төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстауға дайындау, ұжымдық дағдыларды дамыту, сондай-ақ құтқару саласына деген қызығушылығын арттыруға қызмет етеді. Мұндай шаралар балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздікке деген көзқарасын нығайтуға, сондай-ақ олардың физиологиялық және психикалық дайындығын арттыруға көмектеседі. Сайысқа ресми тұлғалар да

қатысып, жастар үшін мұндай бастамалардың маңыздылығын ерекше атап өтті. Шарара Юнусбад ауданы әкімінің орынбасары Ж.Набиев, Мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімінің басшысы С.Киргизбаев, Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Н.Бобожонов, тағы басқа да жауапты тұлғалар қатысауып, қатысушыларды өз қолдауларымен шабыттандырды.

“Жас құтқарушылар” сайысы арқылы қатысушылар тек теориялық біліммен ғана шектелмей, оны практикада қолдану мүмкіндігіне де ие болды. Юнусбад ауданының 32 жалпы бі-

лім беретін мектеп оқушылары жарысқан жарыс қызу әрі күрделі сынақтарға толы болды. Қатысушылар өз білімдері мен дағдыларын көрсетумен қатар, ұжымдық әрекет ету, жылдам және дұрыс шешім қабылдау бойынша сынақтан өтті. Байқау нәтижелеріне орай 1-орынды №58 мектеп ұжымы иеледі. 2-орынға №271 мектеп ұжымы лайықты деп табылды. Ал №250 мектеп ұжымы 3-орын жеңімпазы болды. Жеңімпаздар аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі мен Мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімі тарапынан диплом, кубок және естелік сыйлықтар



мен марапатталды.

Қорыта айтқанда, “Жас құтқарушылар” секілді бастамалар — қауіпсіз қоғам құру жолында ерекше маңызға ие. Бұл сайыс жастардың ұжымдық жұмыс атқару бойынша білімін арттырады, жеке дамуына ғана емес, болашақ қызметіне де оң әсер етеді, олардың бойында патриоттық сезімді оятып,

қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады. Тағы да бір маңызды жағы, осындай жарыстар арқылы жастарымыздың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырумен олардың қоршаған ортаға деген жана-шырлығын тәрбиелейміз.

Өлия ӨБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Нұрлы жол

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан
Республикасы Олий Мажлисі Сенатының
Кеңесі және Өзбекстан Республикасы
Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3684

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдары редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

722010634001

Кезекші редактор:
Әлия ӨБДІРАХМАНОВА

Беттеуші-дизайнер:
Қайсар РАХМАНОВ

Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі,
30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак.
Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды.
Кәсіпорынның мекенжайы:
“Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 326.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 00.40
1 2 3 4 5 6

